

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ЕЛДІКТИҢ ОРДАСЫ, БІРЛІКТИҢ МЕКЕНІ--ОТЫРАР

Мұсахан А.С.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
akbayann1007@gmail.com
Қарағанды қ.

Елдіктің отаны атанған Отырар-халқымыздың береке бірлігі, ынтымақтастығы, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған, сан-ғасырлық мәдени, бай құндылықтарын бойына сіңірген тарихи өлке. Олай болса, ең ежелгі шаһарлардың қатарына кіретін бұл өлке тарихта «Тұрарбанд», «Тұрар», «Тарбанд», «Фараб» деп те аталып келгендігі, көне қала болғандығы баршамызға мәлім. Құпияға толы Отырар Сырдарияның сары даласы Қызылқұмның солтүстік-шығыс алқабын бойлаған. Ұлы Отырар-қазақ өркениетінің алтын дінгегі тарихқа «Отырар өркениеті» деген атпен енген, тамырын тереңге жайған бұл өлкенің орны айтарлықтай ерекше. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Отырар ежелгі заманнан-ақ қалаларында ғылым мен мәдениеттің кең ордасы, сауда мен кәсіпкерліктің өзегі, далаларында егін, мал шаруашылығы қатар дамыған әлемдік өркениеттің ірі ошағы, таусылмас қайнар көзі. Сырдария мен Арыс өзендерінің екі жағасында бірімен-бірі иін тіресіп тұрған мәдени, археологиялық ескерткіштер орналасқан бұл өлке еліміздегі өзіндік орны бар тарихи орталық болып табылады. Сондай-ақ осы өңірдің тарихында өзіндік маңыздылығы бар, жаңа айтып кеткеніміздей, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Отырар төңірегінде ежелгі және ортағасырлық қалалар мен қалашықтар біршама көп екендігі хақ. Атап айтар болсақ, «Отырартөбе», «Кұйрықтөбе», «Көкмардан», «Алтынтөбе», «Ақтөбе», «Жалпақтөбе», «Оқсызтөбе» және XII ғасырға тән Арыстанбаб әулие кесенесі т.б. сан ғасырлық тарихқа толы ескерткіштерімен әлемге әйгілі. Отырар ежелден бері өмір сүруін тоқтатпаған тұнып тұрған шежіре екендігі белгілі.

VI-VIII ғасырларда Отырар-Фараб Сырдарияның орта шеніндегі ірі феодал иелігінің астанасы болса, IX-XII ғасырларда аймақтың бас қаласы атанған. XIII-XV ғасырларда Қазақстанның оңтүстігіндегі аса ірі қалалардың бірі, ал, XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығының саяси және экономикалық орталықтарының біріне айналған.[1,6 б].

Оңтүстік Қазақстанда Отырар алқабы қорғаныс жағынан қолайлы болды. Отырар арқылы керуендер легі толастамаған, сондықтан ортағасырлық араб-парсы тілді авторлар бәрі дерлік жазған. Оны біз Сырдария бойы қалалары мен Жетісу қалаларының тізімінен көреміз. Көне авторларды оқи отырып, «бірнеше Отырар» туралы білеміз. Бір деректерде құнарлы жерге орналасқан Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерін білсек, екіншіде Қаратау бөктерінде орналасқан көшпенділердің камалы делінеді, үшіншіден Отырардан Арыс, Бөген бойлап Таразға, Баласағұнға және одан әрі Шығыс Түркістанға жолдар кеткенін оқимыз. Алайда, Отырар біреу ғана. Көп сияқты көрінетін себебі-оның жолдардың қиылысына орналасып, одан шыққан жол Сырдариядан тарап оңтүстікке-Шаш, Соғды және әрі қарай Мерв, Нишапур, Рей, солтүстік пен батысқа қарай-Хорезм арқылы Арал бойына, Еділ, Қара теңізге және Кавказға кетеді. Орта Азияда Отырардың ыңғайлы және де қауіпті жерде екенін археолог және шығыстанушы А.Н.Бернштамның дөп басып жазуы таң қалдырады.[2,7 б].

Ежелгі Отырар қаласының дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі, ондағы алар орны бүкіл әлемге аян. Ғалымдардың айтуы бойынша жазба дерегі ең аз елміз, бірақ ескерткіштерге ең бай елміз деседі. Еліміздің қайсы бір төбесі мен жәдігерлерінің сырына, мәдени ескерткіштеріне үңілсек тұнып тұрған, өшпейтін тарихы бар екендігі бәрімізге де белгілі. Ал Отырар өлкесіндегі ежелгі заттық және рухани, мәдени мұралар «Отырар жәдігерлері» жинағымен жарық көрді. Осы тарихи өлке Отырар, Әл-Фарабидей дананың, Өзбекәлідей ұлт мақтанышының, Шәмшідей сазгердің кіндік қаны тамған, ізі қалған жері. Отырар-өзінің көне тарихи құндылықтарымен бүкіл әлем ғалымдарының, ЮНЕСКО-ның назарын өзіне аударған ұлттың рухани қазығы, асыл мұрасы. Біріншіден, бұл қала-адамзаттың екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің Отаны, туған өлкесі. Осының өзі-ақ Отырардың атағын бүкіл әлемге шарықтатқаны сөзсіз! Одан бөлек бұл жерден 21-ден астам Әл-Фараби, 100-ден астам ғалымдар, академиктер, қоғам қайраткерлері, ақын, жазушылар мен өнер адамдары шыққан. Екіншіден, Отырар өз заманындағы руханият астанасы болғандығы белгілі. Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың осы қалада орналасуы тегіннен тегін емес. Отырар кітапханасы-Отырар өлкесіндегі тарихи әрі аңызға айналған кітапхана және Орта Азия мен Қазақстан тарихында маңызды мәдени орын ретінде тарихымызда қалған. Бұл кітапхана Отырардың ғылым-білім мен мәдениеттің орталығы болғандығын көрсететін бірден-бір дәлелі. Аңыздарға қарағанда, бұл кітапхана ежелгі замандарда көлемі мен құнды қолжазбаларының санымен әйгілі Александрия кітапханасымен қатар тұрғандығы сипатталады. Мұнда көптеген ғалымдар, ойшылдар, ақындар мен жазушылар білім алғаны белгілі. Осылайша, Отырар ғылым мен білімнің рухани орталығы болған. Кітапхана осы қаланың орталығында орналасып, білім мен ғылымды таратуда үлкен рөл атқарған рухани кешен. Бұл кітапханада әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген, сондай-ақ жергілікті ғалымдар жазған қолжазбалар мен кітаптар сақталған деседі. Мысалы, медициналық трактаттар,

астрономиялық зерттеулер, алгебра мен математикаға қатысты жазбалар баршылық екені анық. Бүгінгі күні Отырар қаласының орны археологиялық зерттеулер жүргізілетін аймаққа айналды. Отырар кітапханасының нақты орны мен құрылымы туралы толық мәліметтер болмаса да, археологтар қалашықтан түрлі қолжазбалар мен жазбалар қалдықтарын табуда.

Қазақстан ҒА-ның К.А.Ақышев басқарған Отырар археологиялық экспедициялық ұйымдастырылғаннан кейін зерттеу жұмыстары басталды. Отырар-бесбұрыш тәріздес төбе. Өлшемдері: оңт-батысы-145м, батысы-400м, солт-шығысы-380м және шығысы-350м. Төбенің ең биік жері іргесінен 18м. Қала дуалмен қоршалған. Оның солтүстік-шығыс және шығыс жақтағы құрылыстары жақсы сақталған. Негізгі төбені айналдыра қазған орлардың орны бар. Қаланың үш қақпасы болған. Орталық қақпа оңтүстік жағында орналасқан деседі.[3,625 б].

Тарихқа жүгінсек, ірі кітапханалардың өртелгені жайында айтқан да, жазған да деректер баршылық. Алайда, Отырар қаласындағы кітапхана өртеліп кетті деген дерек еш жерден кездеспегені бізге зор сенім ұялататыны сөзсіз. Ежелгі Отырар өңірі тарихының ашылмаған сырлары әлі де көп екендігі белгілі. Отырар кітапханасының шынымен болғандығын растайтын нақты дәлелдер аз, алайда бұл кітапхана туралы аңыздар оның бұрынғы ұлылығы туралы көптеген мәліметтер беретіні хақ. Бұл кітапхана-ежелгі қазақ даласына ғылым мен білімнің қайнар көзі болған, мәдениеттің өркендеуіне зор үлес қосқан, Орта Азия тарихындағы орны ерекше өлке. Осы тұста, белгілі ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов өз өлеңінде:

Тек қарынның байлығына сенген елдің соры бар,

Көне тарих сабақтары бізге мойын бұрғандай.

Отырарда ғаламда жоқ жазба кітап қоры бар,

Өткен заман елестері әлі қоршап тұрғандай-деген шумақтарымен тебіренге жырлаған.

Үшіншіден, Отырар өзінің қаһарман қорғаушыларымен өшпес даңққа бөленген, батырлықтың, отансүйгіштіктің теңдесі жоқ үлгісіне айналған қала. Сондай-ақ бұл жер Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы, бабтардың бабы Арыстанбаб жерленген қасиетті мекен. Даналар айтады: Ұлы ел атану-халық санының көптігімен есептелмейді. Ұлылық-ол өмірге ұлы ұрпақтарын дүниеге әкелген халыққа тән. Сондықтан да Отырар өзінің даңқты перзенттерімен, шежірелі тарихымен мақтанады.

Қазақ өркениетінің алтын діңгегі саналған Отырар жеріне жер жүзінен аса қызығушылықпен келетін ғалымдар мен туристер жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, 2022 жылы 420,064 турист осы қасиетті жердің көне тарихына қызығып, киелі Отырарға саяхат жасаған. Оның ішінде Арыстанбаб кесенесіне-350,007 адам, «Отырар қалажұртына»-48916 адам, сапар орталығына-9416, ал музей экспозициясына-11724 адам келген. Бұл тарихи орындар бүгінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-нің иелігіндегі нысандар болып табылады. Қазіргі уақытта Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығына келетін туристер саны артып келеді. Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығының баспасөз қызметінің мәліметінше, 2018 жылы мұражай-қорыққа 365 мыңнан астам турист келсе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 485 мыңнан асқан. Егер 2020 жылы әлемдік пандемияға байланысты келушілер саны азайып, нысанға 144 мың адам келсе, 2021 жылдың 9 айында 362 мың турист ат басын бұрған. Бүгінгі күні туристер үшін Отырарға саяхат-тарихи шежіреге еніп, қазақ халқының мәдениеті мен таусылмас тарихымен танысудың тамаша мүмкіндігі. Туристер Отырар қалашығына келіп, ортағасырлық қалашықтың археологиялық ескерткіштерімен, ғимараттардың қираған орындарымен және осы жерден табылған жәдігерлермен таныса алады. Мәселен, Арыстанбаб кесенесінің қызметкері Қ.Шохаевтың сөзінше, бүгінде кесенеге жылына 150 мыңға жуық турист келеді екен. Ал ол жерден 2км жерде Отырартөбе орналасқан. Археологтар Отырар қаласынан керамика, металлдан жасалған бұйымдар, қару-жарақтар және жазбалар сынды көптеген құнды заттар тапқан.

XVI-XVIII ғасырлардағы Отырардың шыңылтырланған керамикасы қалаға 1904 жылы А.К.Кларе мен А.А.Черкасов жүргізген бірінші қазба жұмыстары кезінен аян. Сол кездегі аздаған материалдардың өзі белгілі совет өнер зерттеушісі мен археологы Г.А.Пугаченковаға Отырардың көркем керамикасының күрделі ою-өрнек композициясының таралуын атап өтуіне мүмкіндік туғызды және кейінгі ортағасырлық кезеңінде Отырар көркем керамикасының өзіндік стилінің болғандығы туралы болжам айтуына негіз болды.[4,1,15 б].

Сондай-ақ, туристерге Отырар туралы тарихи аңыздар мен тарихи оқиғалар айтылады. Бұл жер тек бет сипап, саяхат жасайтын орын ғана емес, өткенімізді танып, руханиятқа, тарих пен мәдениетке құрмет көрсететін қасиетті мекен. Қазіргі кезде, Отырарда туристерге арналған экскурсиялар ұйымдастырылып, гидтердің көмегімен көне қаланың тарихы мен мәдениеті тереңірек түсіндіріледі.

Отырар өркениетін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта өркендетуге «МӘДЕНИ МҰРА» бағдарламасына орай, Отырардың мәдени ескерткіштерін сақтап, оны өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыруға бағытталғандығы белгілі. Ол игілік жас ұрпақтың білімді, рухы мықты, еңбексүйгіш, ұлттық тарихи құндылықтарымызды қастерлейтін, еліне адал азамат болып өсуіне септігін тигізері сөзсіз! Осындай киелі мекен-Отырарда, біршама ғұлама ойшылдардың, қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың шыққанын зор мақтанышпен айтамыз. Ұлы Отырардың киелілігін осы өлкенің жергілікті ақыны Сейітман Серік былайша жырлайды:

Сан жырлардың, ғасырдың,

Үні болған - Отырар,

Сан мыңдаған ақынның,

Жыры болған - Отырар.
Фарабиді өмірге,
Алып келген - Отырар.
Шырқау шыңның өріне,
Бақыт берген - Отырар.
Ұлы көсем Қайырға,
Намыс берген - Отырар.
Тарихы бар бес елі,
Сұлу көркем - Отырар.
Ұлылардың мекені,
Ұлы өлкем –Отырар

Елдіктің ордасы, Бірліктің мекені атанған Отырардың шоқтығы биік екендігі белгілі. Олай болса ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған қасиетті Отырардың тарихына бойлау-әрбіріміздің үлкен мақсат-мүддеміз, баршамыздың борышымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ортағасырдағы Отырар керамикасы.-Алматы:Өнер,1991.-212 б.
2. Байпақов К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар.-Алматы:Қазығұрт,2007.-248 б.
3. Қазақстан тарихы энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы:Аруна баспасы,2006.-764 б.
4. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары.-Алматы:Аруна Ltd, 2007.-384 б.
5. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан.-Алматы: Қазақстан, 1992.-198 б.
6. Қазақстан тарихы(Көне заманнан бүгінге дейін).Бес томдық.1-том.-Алматы: Атамұра.2010.-544 б.

МЕДИЦИНА ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ : ДӘМЕШ ЕРМЕКОВАНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ - ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСТЕГІ РӨЛІ

Нұрболат Д.

Ғылыми жетекшісі:Абдрахманова К.Ж.
Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
nrbolatdina@gmail.com
Қарағанды қ.

Тәуелсіздік – мыңдаған жылда бір келетін бақ. 18 ғасырда бұл бақ қазақтың басынан тайып , тек 1991 жылы қайта қонды . Тәуелсіздік – жаңаша көзқарас пен айрықша серпілістің бастауы, арғы замандардан жеткен «мәңгі ел!» мұратының жалғасы. Ал Қазақстан азаттығының бірегей белгісі – тарих. Бостандық үшін күрескен бодан күн мен азаттықтың баяндылығы үшін тер төккен бүгінгі күннің тарихы. Сол тарихтың алаулы, жарқын кезеңі – Алаш тарихы. Бұлай деу – ақылға да сыйымды, шындыққа да сәйкес. Алаш – рәміздік сөз. Алаш – ұлтты ұйыстырған ұран. Алаш – қазақ қоғамы тәжірибесіндегі жаңару мен серпілудің, білім-ғылым мен батыл ізденістің, адалдық пен тәуекелшілдіктің жарқын беті. Сол себепті Алаш тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерделеу – жалпы Қазақстан үшін, елдің тәуелсіздік талаптары үшін әрқашан басымдық (приоритет) болып қалмақ. Сахарадай жазық, ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалып, ұлт ретінде династиялы өмір сүруімізге – Қазақ Ордасы жәрдемші болды десек, дербес мемлекет құрып, ұлтымыздың рухын көтеріп, саяси элита бір ортаға шоғырланып, тарих аренасына шығып, Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына Алаш қозғалысы сүбелі үлес қосқан болар еді. Алаш қозғалысы — XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, казактардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті күшейту мәселесі туындады. Бірақ енді зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша Бірінші орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларының әрекеттері кейініректегі Алаш қозғалысының бастамасы болды. Алаштықтар ұстанған «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жай-дан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы айма-ғы-мыз-дың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт Тарихымыздың осындай маңызды кезеңінде Алаш жолында жүріп, халық болашағы үшін күрескен , Әлихан Бөкейханұлы бастаған ұлт зиялыларына ниеттес болған дәрігерлердің бірі – Дәмеш Ермекова [0].